

Жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 4 қарашадағы N 1755 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 шілдедегі № 567 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.07.2015 № 567 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған Жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қ а з а қ с т а н</i>	<i>Р е с п у б л и к а с ы н ы ң</i>
	<i>К. Мәсімов</i>	
Қ а з а қ с т а н		Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң		
2 0 0 9	ж ы л ғ ы	4
		қ а р а ш а д а ғ ы
N	1 7 5 5	қ а у л ы с ы м е н
бекітілген		

Жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын

өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру ережесі (бұдан әрі - Ереже) " Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 5-бабының 10) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Осы Ереже жануарларды өсіруді, жануарлардан алынатын шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға (бұдан әрі - өндіріс объектісі) есептік нөмірлер беру тәртібін белгілейді.

3. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:
ведомство – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті (бұдан әрі - ведомство);
ведомствоның аумақтық бөлімшелері – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердегі (облыстың, республикалық маңыздағы қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың) а у м а қ т ы қ и н с п е к ц и я л а р ы ;

есептік нөмір - өндіріс объектісінің қызмет түрі мен нөмірін қамтитын код;
айналым - жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты, ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын әкелуді (импорттауды) және әкетуді (экспорттауды) қоса алғанда, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты, ветеринариялық препараттарды , жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, өткізу (сату немесе жеткізіп беру) үдерістері (сатылары), сондай-ақ оларға байланысты өлшеп орау, буып-түю, таңбалау, сақтау және тасымалдау үдерістері.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.09.23 N 1090 Қ а у л ы с ы м е н .

4. Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін барлық өндіріс объектілеріне есептік нөмірлер берілуге тиіс.

5. Ветеринариялық құжаттарда және (немесе) өнімді (тауарды) таңбалауда

өндіріс объектісіне берілген есептік нөмір көрсетілген жағдайда ғана жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты, ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын тасымалдауға (олардың айналымына) рұқсат етіледі.

6. Есептік нөмір осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес айқындалатын ел кодын, облыстың литерлік кодын, ауданның реттік нөмірін және қызмет түрінің кодын, сондай-ақ өндіріс объектісінің реттік нөмірін қамтиды.

Өндіріс объектісінің реттік нөмірі өндіріс объектісіне есептік нөмір беруге өтініштің ведомствоның аумақтық бөлімшесінде тіркелу кезегіне сәйкес анықталады.

Есептік нөмір сою алаңдарын қоспағанда өндіріс объектісі қызметінің бүкіл кезегіне беріледі.

Сою алаңдарына есептік нөмірлер бір жыл мерзімге беріледі және осы өңірде етті қайта өңдеу кәсіпорындары немесе сою пункттері салынғанға дейін жыл сайын расталуға тиіс.

Экспортты жүзеге асырушы өндіріс объектілерінің есептік нөміріне осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "Е" символы қосымша енгізіледі.

7. Өндіріс объектісіне есептік нөмірді облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумақтық бөлімшесі береді.

8. Өндіріс объектілеріне есептік нөмірлер беру олардың Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы ветеринариялық-санитариялық қорытындынегізінде жүзеге асырылады.

Экспорт жүзеге асырылған жағдайда өндіріс объектісі қосымша экспорт жүзеге асырылатын елдің ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарына сай болуы қажет.

9. Өндіріс объектісіне есептік нөмір беруге арналған қорытындыны ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы береді.

10. Республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында орналасқан өндіріс объектілеріне есептік нөмірлер беруге арналған ветеринариялық-санитарлық қорытынды беруді республикалық маңызы бар қаланың және астананың Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы немесе оның орынбасары жүзеге асырады.

11. Ведомство есептік нөмірлер берілген өндіріс объектілерінің тізілімін (бұдан әрі — тізілім) жүргізеді.

2. Өндіріс объектілеріне есептік нөмірлер беру тәртібі

12. Есептік нөмір беру үшін өтінуші - өндіріс объектісі ведомствоның тиісті аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) аумақтық бөлімшесіне (бұдан әрі - аудандық бөлімше), ведомствоның республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы аумақтық бөлімшесіне:

1) есептік нөмір беруге өтініш;

2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің немесе анықтаманың немесе дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі*;

ескертпе: *«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болады;

3) өндіріс объектісінің қызмет түрі, өндірілетін өнімнің көлемі мен түрі туралы еркін нысанда жасалған, өтінуші - өндіріс объектісінің мөрімен және қолымен бекітілген ақпаратты ұсынады.

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 24.04.2013 № 390 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

13. Аудандық бөлімше өтініш түскен күнінен бастап 5 жұмыс күннен аспайтын мерзімде:

1) ұсынылған құжаттар мен ақпараттың толықтығын тексереді;

2) ветеринария саласындағы уәкілетті орган белгілеген нысанда және тәртіппен есептік нөмір беруге өтінішті тіркеу журналында тіркейді;

3) өндіріс объектісін ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкестігі мәніне тексеруді және Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен ветеринариялық-санитариялық қорытынды беруді жүзеге асырады.

Ұсынылған құжаттар мен ақпаратты тексеру нәтижелері бойынша, сондай-ақ ветеринариялық-санитариялық қорытындының негізінде аудандық бөлімше:

ведомствоның облыстық аумақтық бөлімшесіне (бұдан әрі - облыстық бөлімше) есептік нөмір беруге сұрау мен ветеринариялық-санитариялық қорытындыны жолдайды;

өтінуші - өндіріс объектісіне жазбаша түрде есептік нөмір беруден дәлелді бас тартуды жолдайды.

14. Облыстық бөлімше есептік нөмір беруге арналған құжаттар пакеті түскен

күнінен бастап үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде:

- 1) өндіріс объектісіне есептік нөмір беру туралы сұрауды тіркейді;
- 2) өндіріс объектісіне есептік нөмір береді;
- 3) осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өндіріс объектісіне есептік нөмір беру туралы растауды (бұдан әрі - растау) ресімдейді және оны аудандық бөлімшеге жібереді, ал көшірмесін өндіріс объектісін тізілімге енгізу үшін ведомствоға жібереді.

15. Аудандық бөлімше растау түскен сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде оны өтінуші - өндіріс объектісінің заңды мекен-жайына жібереді немесе қолына б е р е д і .

16. Ведомствосының Республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы аумақтық бөлімшесі өтініш түскен күнінен бастап жеті жұмыс күнінен аспайтын м е р з і м д е :

- 1) ұсынылған құжаттар мен ақпараттың толықтығын тексереді;
- 2) ветеринария саласындағы уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша және тәртіппен есептік нөмір беруге өтінішті тіркеу журналында тіркейді;
- 3) өндіріс объектісін ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкестігі мәніне тексеруді және Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен ветеринариялық-санитариялық қорытынды беруді жүзеге асырады.

17. Ведомствоның Республикалық маңызы бар қаладағы, астанадағы аумақтық бөлімшесі ұсынылған құжаттар мен ақпаратты тексеру нәтижелері бойынша, сондай-ақ ветеринариялық-санитариялық қорытынды негізінде:

өндіріс объектісіне есептік нөмір беру туралы шешім қабылдайды не өтінуші - өндіріс объектісіне жазбаша түрде есептік нөмір беруден дәлелді бас тартуды ж о л д а й д ы ;

осы Ереженің 2 қосымшасына сәйкес нысан бойынша растауды ресімдейді және оны өтінуші - өндіріс объектісінің заңды мекен-жайына жолдайды немесе қолына береді, ал көшірмесін өндіріс объектісін тізілімге енгізу үшін ведомствоға ж о л д а й д ы .

18. Ведомствоның аумақтық бөлімшесі өтінуші — өндіріс объектісіне есептік нөмір беруден мынадай жағдайларда бас тартады:

- 1) өтінуші - өндіріс объектісі осы Ереженің 12-тармағына сәйкес құжаттар п а к е т і т о л ы қ ұ с ы н б а ғ а н ;

- 2) өндіріс объектісі Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеген (және бұған қоса, экспорттаушы болып табылатын өтінуші - өндіріс объектілері үшін экспорт жүзеге асырылатын елдің ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарына сәйкес к е л м е г е н) .

19. Ведомство растау көшірмесінің негізінде өндіріс объектісін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің www.minagri.gov.kz ресми сайтына орналастырылатын тізілімге енгізеді.

20. Өндіріс объектісі растауды жоғалтқан, бүлдірген жағдайда, оған растауды берген ведомствоның аумақтық бөлімшесіне растаудың телнұсқасын беру туралы өтініш береді.

Ведомствоның аумақтық бөлімшесі өтініш тіркелген күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде растаудың телнұсқасын беруді жүргізеді.

21. Атауы және/немесе ұйымдастыру-құқықтық нысаны өзгерген жағдайда, өндіріс объектісі бір ай ішінде ведомствоның тиісті аумақтық бөлімшесіне көрсетілген мәліметтерді растайтын тиісті құжаттармен қоса өндіріс объектісінің есептік нөмірін қайта ресімдеуге өтініш береді.

Егер жоғарыда көрсетілгендер өндіріс объектісінің жүзеге асыратын қызмет түрінің өзгеруіне әкеп соқпаса, онда ведомствоның аумақтық бөлімшесі өтініш тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде растауды қайта ресімдейді.

Қызмет түрі өзгерген жағдайда өндіріс объектісі осы Ережеге сәйкес есептік нөмір беру рәсімінен қайтадан өтеді.

22. Ветеринария саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бұрын берілген бірдейлендіру кодын беру және мемлекеттік ветеринариялық қадағалаудың тіркеу нөмірін беру туралы растау осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес анықталатын есептік нөмір беру жолымен қайта ресімделуге (бұдан әрі - қайта ресімдеу) тиіс.

Өндіріс объектісі қайта ресімдеу үшін бұрын берілген бірдейлендіру кодын және мемлекеттік ветеринариялық қадағалаудың тіркеу нөмірін беру туралы растаумен қоса, ведомствоның тиісті аумақтық бөлімшесіне өтініш жібереді.

Ведомствоның аумақтық бөлімшесі өтініш тіркелген күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде қайта ресімдеуді жүргізеді.

23. Есептік нөмір беру мерзімі бұзылған, сондай-ақ оны беруден негізсіз бас тартылған жағдайда, өтінуші - өндіріс объектісі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен есептік нөмірлерді беруге жауапты адамдардың іс-әрекетіне шағымдануға құқылы.

Ережеге 1-қосымша

Өндіріс объектілеріне есептік нөмірлер беру үшін облыстардың, Астана және Алматы қалаларының, аудандардың бекітілген кодтары

Реттік N	коды	Облыстардың/аудандардың атауы
1	2	3
1	C	Ақмола облысы

2	01	Ақкөл
3	02	Аршалы
4	03	Астрахан
5	04	Атбасар
6	05	Бұланды
7	06	Көкшетау қ.
8	07	Степногорск қ.
9	08	Егіндікөл
10	09	Еңбекші
11	10	Ерейментау
12	11	Есіл
13	12	Жаксы
14	13	Жарқайың
15	14	Зеренді
16	15	Қорғалжын
17	16	Сандықтау
18	17	Целиноград
19	18	Шортанды
20	19	Щучье
21	В	Алматы облысы
22	01	Аксу
23	02	Алакөл
24	03	Балқаш
25	04	Еңбекшіқазақ
26	05	Ескелді
27	06	Жамбыл
28	07	Іле
29	08	Қарасай
30	09	Қаратал
31	10	Кербұлақ
32	11	Көксу
33	12	Панфилов
34	13	Райымбек
35	14	Сарқант
36	15	Талғар
37	16	Ұйғыр
38	17	Қапшағай қ.
39	18	Талдықорған қ.
40	19	Текелі қ.
41	Д	Ақтөбе облысы
42	01	Әйтеке би

43	02	Алға
44	03	Байғанин
45	04	Ақтөбе қ.
46	05	Ырғыз
47	06	Қарғалы
48	07	Мәртөк
49	08	Мұғалжар
50	09	Темір
51	10	Ойыл
52	11	Қобда
53	12	Хромтау
54	13	Шалқар
55	Е	Атырау облысы
56	01	Атырау қ.
57	02	Жылыой
58	03	Индер
59	04	Исатай
60	05	Қызылкоға
61	06	Құрманғазы
62	07	Мақат
63	08	Махамбет
64	Ғ	Шығыс Қазақстан облысы
65	01	Өскемен қ.
66	02	Аягөз қ.
67	03	Зыряновск қ.
68	04	Курчатов қ.
69	05	Семей қ.
70	06	Риддер қ.
71	07	Абай
72	08	Аягөз
73	09	Бесқарағай
74	10	Бородулиха
75	11	Глубокое
76	12	Жарма
77	13	Зайсан
78	14	Зырян
79	15	Катон-Қарағай
80	16	Көкпекті
81	17	Күршім
82	18	Тарбағатай
83	19	Ұлан

84	20	Үржар
85	21	Шемонаиха
86	Н	Жамбыл облысы
87	01	Байзақ
88	02	Жамбыл
89	03	Жуалы
90	04	Қордай
91	05	Мерке
92	06	Мойынқұм
93	07	Т.Рысқұлов
94	08	Сарысу
95	09	Талас
96	10	Шу
97	11	Тараз қ.
98	Л	Батыс Қазақстан облысы
99	01	Ақжайық
100	02	Бекейорда
101	03	Бөрлі
102	04	Жаңақала
103	05	Жәнібек
104	06	Зеленов
105	07	Қазталов
106	08	Қаратөбе
107	09	Сырым
108	10	Тасқала
109	11	Теректі
110	12	Шыңғырлау
111	13	Орал қ.
112	Р	Қостанай облысы
113	01	Алтынсарин
114	02	Аманкелді
115	03	Әулікөл
116	04	Денисовка
117	05	Жангелді
118	06	Жітіқара
119	07	Қамысты
120	08	Қарабалық
121	09	Қарасу
122	10	Қостанай
123	11	Меңдіқара
124	12	Наурызым

125	13	Сарыкөл
126	14	Таранов
127	15	Ұзынкөл
128	16	Федоров
129	17	Қостанай қ.
130	18	Арқалық қ.
131	19	Лисаковск қ.
132	20	Рудный қ.
133	М	Қарағанды облысы
134	01	Абай
135	02	Ақтоғай
136	03	Бұхар-Жырау
137	04	Жаңаарқа
138	05	Қарқаралы
139	06	Нұра
140	07	Осакаров
141	08	Ұлытау
142	09	Шет
143	10	Қарағанды қ.
144	11	Балқаш қ.
145	12	Жезқазған қ.
146	13	Қаражал қ.
147	14	Приозерск қ.
148	15	Саран қ.
149	16	Сәтпаев қ.
150	17	Теміртау қ.
151	18	Шахтинск қ.
152	N	Қызылорда облысы
153	01	Арал
154	02	Қазалы
155	03	Қармақшы
156	04	Жалағаш
157	05	Сырдария
158	06	Шиелі
159	07	Жаңақорған
160	08	Қызылорда қ.
161	09	Байқоңыр қ.
162	R	Маңғыстау облысы
163	01	Бейнеу
164	02	Қаракия
165	03	Маңғыстау
166	04	Түпқараған

167	05	Ақтау қ.
168	06	Жаңаөзен қ.
169	07	Мұнайлы
170	S	Павлодар облысы
171	01	Павлодар қ.
172	02	Ақсу қ.
173	03	Екібастұз қ.
174	04	Ақтоғай
175	05	Баянауыл
176	06	Железинка
177	07	Ертіс
178	08	Қашыр
179	09	Лебяжье
180	10	Май
181	11	Павлодар
182	12	Успен
183	13	Шарбақты
184	T	Солтүстік Қазақстан облысы
185	01	Айыртау
186	02	Ақжар
187	03	Аққайың
188	04	Есіл
189	05	Жамбыл
190	06	М. Жұмабаев
191	07	Қызылжар
192	08	Мамлют
193	09	Ғ. Мүсірепов
194	10	Тайынша
195	11	Тимирязев
196	12	Уәлиханов
197	13	Шал ақын
198	14	Петропавл қ.
199	X	Оңтүстік Қазақстан облысы
200	01	Арыс
201	02	Бәйдібек
202	03	Қазығұрт
203	04	Мақтаарал
204	05	Ордабасы
205	06	Отырар
206	07	Сайрам
207	08	Сарыағаш

208	09	Созак
209	10	Төлеби
210	11	Түлкібас
211	12	Шардара
212	13	Шымкент қ.
213	14	Арыс қ.
214	15	Түркістан қ.
215	16	Кентау қ.
216	А	Алматы қ.
217	01	Алатау
218	02	Алмалы
219	03	Әуезов
220	04	Бостандық
221	05	Жетісу
222	06	Медеу
223	07	Түріксіб
224	З	Астана қ.
225	01	Алматы
226	02	Есіл
227	03	Сарыарқа

Өндіріс объектілерінің қызмет түрінің кодтары

Реттік N	Қызмет түрі	Коды
1	Жануарлар мен құс өсіруді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілері	К
2	Жануарларды дайындауды (союды) және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілері: етті қайта өңдеуші кәсіпорындар; с о ю п у н к т т е р і ; с о ю а л а ң д а р ы ; құсты қайта өңдеуші кәсіпорындар	U 1 U 2 U 3 U4
3	Жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты қайта өңдеуді жүзеге асыратын өндіріс объектілері: е т ; балық және балық өнімдері; бал және ара шаруашылығы өнімдері; жануарлардан алынатын шикізат	G 1 G 2 G 3

		G4
4	Ветеринариялық препараттарды сақтауды және өткізуді жүзеге асыратын объектілер	Y
5	Ветеринариялық препараттарды өндіруді және өткізуді жүзеге асыратын объектілер	V
6	Жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты сақтауды жүзеге асыратын объектілер	W
7	Жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіруді, сақтауды және өткізуді жүзеге асыратын объектілер	O

Е с к е р т п е :

Есептік нөмір белгілерден құралады және мынадай құрылымы бар:
бірінші белгі - елдің коды - KZ;
екінші белгі - облыстың литерлік коды;
үшінші белгі - ауданның реттік нөмірі;
төртінші белгі - өндіріс объектісінің қызмет түрінің коды;
бесінші белгі - өндіріс объектісінің реттік нөмірі;
алтыншы белгі - E (экспорттаушылар үшін).

Мысалы: KZ C.01/G1-0001/E

K Z - е л д і ң к о д ы ;
C - облыстың литерлік коды;
01 — ауданның коды (реттік нөмірі);
G1 - өндіріс объектісінің қызмет түрі;
0001 — өндіріс объектісінің реттік нөмірі;

E — экспорттаушы.

Е р е ж е г е

2 қ о с ы м ш а /

П р и л о ж е н и е 2

к Правилам

Өндіріс объектісіне есептік нөмір беру туралы

растау/подтверждение о присвоении учетного номера объекту производства

Осы растау/Настоящее подтверждение выдано _____

(занды тұлғаның толық атауы/полное наименование юридического лица)
бойынша қызметті жүзеге асырушы/осуществляющему деятельность по

(қызмет түрін көрсету /указать вид деятельности)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы "___"_____ N қаулысымен бекітілген жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру ережесіне сәйкес оған 2009 жылғы "___"_____ N есептік нөмір берілгендігі жөнінде берілді/в том, что в соответствии с Правилами присвоения учетных номеров объектам производства, осуществляющим выращивание животных, заготовку (убой), хранение, переработку и реализацию животных, продукции и сырья животного происхождения, а также организациям по производству, хранению и реализации ветеринарных препаратов, кормов и кормовых добавок, утвержденными постановлением Правительства Республики Казахстан от "___"___ 2009 г. N_____, ему присвоен учетный номер _____ от "___" _____ 20 ____ г.

Басшы/Руководитель _____

(Т.А.Ә/Ф.И.О.)

(қолы/подпись)

М.О/М.П.

"___" _____ 20 ____ ж./г.